

Облыс жаңалықтары

Жаңаарқалықтар рекорд жаңартты

Жаңаарқа ауданы тағы бір ерекше жетістігімен ел назарын аударды. Бұл жолы өңір шеберлері тұңғыш рет аудан көлемінде 500 ұлттық нақыштағы шапан тігіп, Қазақстан рекордтар кітабына енді.

Игі істің бастамашысы — жаңаарқалық азамат Қайсар Сейпишев. Оның айтуынша, жобаның басты мақсаты — рекорд орнату ғана емес, ұлттық құндылықты жаңғыртып, қайырымдылықты насихаттау.

— Бұл ой маған бала күнгі естеліктерден туды. Шешем тіккен шапандарды киіп өстім. Бір күні сол үлгімен 500 шапан тіксек қалай болар екен деп ойладым. Осылайша көгілдір түсті, өңірге тән ою-өрнегі бар ерекше шапандар дүниеге келді. Қазір оны «Жаңаарқа бренді» деуге толық негіз бар, — дейді Қайсар Сейпишев.

Жобаға ауданның 17 ісмері қатысып, мыңға жуық шапан тікті. Соның 500-і рекордтық көрсеткішке енсе, қалған бөлігі қарттар үйлері мен әлеуметтік мекемелерге сыйға берілді. Бірқатары өңірге кел-



ген қонақтарға естелік ретінде тарту етілді.

Эльмира Ержанова жетекшілік еткен тігіншілер тобы әр шапанды бірегей ұлттық

өрнекпен безендірген. Айта кетерлігі, мата мен материалдың барлығы шеберлердің өз қаражатымен алынған. Бұл олардың

істің рухани мәнін терең түсініп, ел игілігіне ниетпен атсалысқанын көрсетеді.

Рекорд тіркеу рәсімінде 600-ге жуық жаңаарқалық тұрғын бір мезетте көгілдір шапандарын киіп, сахнаға шықты. Бұл көрініс ел бірлігі мен дәстүрге деген құрметтің айқын белгісіне айналды.

Шара аясында 4,5 тонна ет өңделіп, 22 жылқы сойылды. 500- табақтан астам ет Жезқазғандағы балалар үйіне, қарттар үйіне және Ұлытау мен Қарағанды облыстарындағы медреселер мен оңалту орталықтарына таратылды.

Жаңаарқалық шеберлердің бұл еңбегі — ұлттық мұраға деген сүйіспеншілік пен бірлік рухының жарқын үлгісі. Тек тігін өнерін ғана емес, қайырымдылық пен адамгершілікті де қатар дәріптеген бұл бастама ұрпаққа үлгі болары сөзсіз. Айта кетсек, бұған дейін жаңаарқалықтар мың күбі пісіп, рекордтар кітабына енген болатын. Енді, міне, сол жетістіктерін жалғап, дәстүр мен еңбек үндестігін тағы бір мәрте дәлелдеп отыр.

Досан ДУЛЫҒАЛЫ.

Мезгіл мәселесі

Көгілдір отын – ел үміті, ауыл арманы

Ауылдың үстінен сыздықтап көтерілген түтін — тіршіліктің де, тауқыметтің де белгісі. Қыстың қақаған аязында пеш жаққан жұрттың еңбегі мен төзімін тек ауылда тұрған адам ғана түсінеді. Бірақ ХХІ ғасырда, мұнай мен газ дәуірінде өмір сүріп отырып, көмірдің қара күйесіне батып отырған ауылдарымыздың жағдайы ойландырады.



→ 2-бет

БАСПАСӨЗ-2026

«ҰЛЫТАУ» ГАЗЕТІ — ӘР ШАҢЫРАҚҚА!

Құрметті оқырман!
«Ұлытау» газетіне 2026 жылы жазылу басталды.

Аудан өмірінің айнасы, киелі өңір жаңалығының жаршысы, өздеріңіздің төл басылымдарыңызбен бірге болуға асығыңыздар!

Жеке тұлғалар үшін
1 жылға — 4000 теңге
6 айға — 2000 теңге

Мекемелер мен кәсіпорындар үшін
1 жылға — 8000 теңге
6 айға — 4000 теңге



Мекен-жайымыз:
Ұлытау ауданы,
Ұлытау селосы,
Абай көшесі 22 үй.
Байланыс нөміріміз:
2-13-72

Президент Жолдауы – өркендеу өрісі

Биік белеске жетудің жолы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Қазақстан халқына Жолдауы – ел дамуының жаңа бағытын айқындайтын стратегиялық құжат. Бұл құжатта қоғам өмірінің барлық саласын жаңғыртудың нақты жолдары көрсетіліп, еліміздің болашағына бағытталған маңызды міндеттер белгіленді. Соның ішінде мемлекеттік басқаруды жетілдіру, цифрландыруды жеделдету және саяси жаңғырту мәселелері қаралды.

Президент өз Жолдауында халықтың әл-ауқатын арттыру, экономика мен әлеуметтік саланы жаңғырту, ғылым мен білімді дамыту, экология және өңірлік саясатты жетілдіру сияқты негізгі басымдықтарды атап өтті. Бұл – еліміздің тұрақты дамуы мен әділетті қоғам орнатудың нақты жол картасы.

Жолдауда «Әділетті Қазақстан – бәріміз үшін, бәріміз біріміз үшін» қағидаты ерекше атап өтілді. Мемлекет басшысы әрбір қазақстандықтың лайықты өмір сүруіне жағдай жасау, кәсіпкерлікті қолдау, жастарға білім мен еңбек арқылы өрлеу мүмкіндігін беру қажеттігін айтты.

Президенттің бастамалары елдің әлеуметтік-

экономикалық өрлеуін қамтамасыз етіп қана қоймай, қоғамның жаңғыруына серпін береді. Сондықтан әр азамат Жолдаудағы міндеттерді орындауға өз үлесін қосуы тиіс.

Президент Жолдауы – бұл еліміздің жаңару мен өркендеуге бағыт алған нақты іс-қимыл бағдарламасы. Ол – болашаққа сенімді қадам басудың, әділетті қоғам мен қуатты мемлекеттің негізі.

Биылғы Жолдау – Қазақстанды жаңғыртудың жаңа замандағы кешенді жол картасы болмақ

Рымтай ҚАСЫМОВА,
Ұлытау ауылдық округі
әкімі аппаратының бас маманы.



Ресми

Үкіметтің кезекті отырысында Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков өңірдің 2025 жылдың 9 айындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындыларын туралы баяндама жасады. Әкімнің айтуынша, соңғы тоғыз айда өңір экономикасында тұрақты өсім сақталып, барлық негізгі салаларда оң динамика байқалуда.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ



Өңір өсім мен өрлеу жолында Ұлытау облысының әкімі Үкімет отырысында есеп берді

Экономика көрсеткіштері – тұрақты өсім үстінде

Дастан Адайұлы өз сөзінде облыстың өндіріс және құрылыс салаларындағы ілгерілеуді нақты деректермен келтірді. Мәселен, тұрғын үйді пайдалануға беру көлемі 24,6 пайызға артқан. Бұл көрсеткіш бойынша Ұлытау облысы республикада көш бастап тұр. Сондай-ақ, көлік және қоймалау саласында – 22,9%, құрылыс – 9,3%, сауда – 4,6%, инвестициялар – 1% өсім байқалған.

– Бұл – мемлекеттік бағдарламаларды тиімді жүзеге асыру мен жергілікті атқарушы органдардың жүйелі жұмысының нәтижесі, – деді өңір басшысы.

Жаңа жобалар – жаңа жұмыс орындары

Биыл өңірде жалпы құны 28,5 млрд теңге болатын 4 ірі жоба іске қосылды. Бұған қоса, 138 млрд теңгеге бағаланған 16 инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр. Бұл жобалардың нәтижесінде 2 200 жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда.

Өңірдің өндірістік әлеуетін арттыру бағытында Сәтбаев қаласында республикалық маңызы бар индустриялық аймақ құрылуда. Онда 13 млрд теңгенің 3 жобасы қолға алынған. Бұл – өнеркәсіптік секторды жандандырып, шағын

және орта бизнеске жаңа мүмкіндік туырады.

Ауыл шаруашылығы – экономиканың тірегі

Ауыл шаруашылығы саласы да назардан тыс емес. Үкімет пен министрлік қолдауымен 8 млрд теңгеге 11 жоба іске асырылып жатыр. Сонымен қатар, «Отбасылық ферма» бағдарламасы аясында өңірдің ауылдық округтерінде 13 мыңнан астам ұсақ мал сатып алынған.

Бұл бастама ауыл тұрғындарының табысын арттыруға, жергілікті өндіріс пен ет бағытындағы фермерлік шаруашылықтарды дамытуды көздейді.

Туризм мен логистикаға серпін берілді

Ұлытау өңірі – тарихи және рухани туризмнің орталығы. Соңғы уақытта бұл бағытқа тартылған инвестиция көлемі былтырғы жылмен салыстырғанда 7 есеге өсіп, 1,9 млрд теңгеге жеткен. Осы жылы Ұлытауға 14 мыңнан астам турист, соның ішінде 600 шетелдік қонақ келген. Бұған қоса, өңірде жол және теміржол инфрақұрылымын дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Атап айтқанда, «Жезқазған – Қызылорда» автожолының реконструкциясы, «Ұлытау – Арқалық», «Жезқазған – Қарағанды» бағыттарындағы жол жөндеу

және ұзындығы 316 шақырымдық «Қызылжар – Мойынты» теміржол желісінің құрылысы жүргізілуде.

Бұл жобалар өңірдің көлік-логистика әлеуетін арттырып, елдің батысы мен орталығын тікелей байланыстырады.

Тұрақты даму – басты мақсат

Қорытындысында облыс әкімі инвестициялық және өндірістік әлеуетті арттыру, жұмыс орындарын көбейту, және тұрғындардың өмір сапасын жақсарту бағыттары алдағы уақытта да басты назарда болатынын атап өтті.

– Біздің міндет – әр саладағы тұрақты өсімді сақтау және халықтың әл-ауқатын арттыру. Осы мақсатта барлық деңгейдегі билік пен бизнес өкілдері тығыз ынтымақтастықта жұмыс істеуде, – деді Дастан Рыспеков.

Түйін

Ұлытау облысы соңғы жылдары әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан айқын серпін алған аймаққа айналды. Өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы мен туризм салаларындағы нақты жобалар – өңірдің болашағына бағытталған берік қадамдардың айғағы.

Бүгінгі Үкімет отырысындағы есеп – ел мүддесі жолындағы еңбектің нақты нәтижесін көрсетіп отыр.

Көгілдір отын – ел үміті, ауыл арманы

(Соңы. Басы 1-бетте).

Өзеннің жағасында отырып шөлінді қандыра алмай қандай қиын болса, құбырдың іргесінен өтіп жатқан газдың қызығын көрмеу – соның дәл өзі. Ұлытау ауданына қарасты кейбір ауылдардың ахуалы дәл сондай. Құмкөлден тартылған мұнай құбыры бір жағымен Қытайға, бір жағымен ел астанасына бағыт алса да, жолай өткен ауылдарға жылу мен жеңілдік әкелмей, үнсіз өтеді.

Тұрғындар үмітін үзген емес. Әр жиналыста, әр жиында «Қашан газ келеді?» деген сұрақ қайта көтеріледі. Бұл – тек тұрмыс қамы емес, бұл – ел мен қала арасындағы теңдік мәселесі. Қала халқы көгілдір отынды жағып, пеш түтінін ұмытқалы қашан, ал ауылдағылар әлі күнге дейін шөлек ұстап күл төгіп, қолдары күйе болып жүр.

Көмірдің бағасы жыл сайын емес, ай сайын өсіп отыр. Шұбаркөл мен Қарағандыдан келетін қара отынның бір вагонын түсіру үшін бір үй малын сату қалыпты жайтқа айналды. Бір қысты аман өткізу үшін кейде елдің еншісіндегі жалғыз биесін немесе сиырын сатуға мәжбүр. Бұған қарамастан, кей үйдің пешінің түбінде жылу емес, ызғар сезіледі.

Газ келсе, ауылдың тұрмысы түбегейлі өзгерер еді. Үйдің іші түтінсіз, ауасы таза, өмірі жеңіл болар еді. Қолын жылы суға малып, балалары сабақ оқуға жайлы ортада өсер еді. Ең бастысы – ауылдағылар өздерін елдің екінші санатына емес, тең азамат ретінде сезінер еді.

Мемлекет ауылды дамытуға бағытталған түрлі бағдарламалар қабылдап жатыр. Бірақ газ тарту – олардың ең өзектісі. Өйткені, бұл жай ғана инфрақұрылым емес, бұл – ауылдың болашағына, халықтың денсаулығына, тұрмыс сапасына, тіпті елдегі демографияға әсер ететін шешім. Газ келсе, ауылдан қалаға ағылған жастардың бір бөлігі қайта оралар еді.

Көгілдір отын – тек энергия көзі емес, ол – үміттің оты. Сол от ауылдың әр шаңырағына жетсе, елдің еңсесі көтеріледі. Өйткені газ – тек тұрмыстың емес, өркениеттің нышаны.

Ұлытау даласында тарих пен табиғат қатар өрілген. Енді соның төрінде отырған ауылдардың да тұрмысы заман көшінен қалмаса екен дейсің. Құбыр іргемізден өтіп жатқанымен, жылуы ішке ене алмай тұрғаны – бүгінгі шындық. Бірақ ел үмітін үзбейді: «Бір күндері біздің ошақтан да көгілдір жалын лаулайды» деген сенім бар.

Досан ДУЛЫҒАЛЫ.

Ауыл шаруашылығы

Бұдан бірнеше ғасыр бұрын дана Мөңке би: «Сиыр пұл болады, әйел би болады» — деп болжам айтқан екен. Сол бір көреген сөздің алғашқысы бүгінде ақиқатқа айналды. Бүгінде базарлар мен дүкен сөрелерінде сиыр етінің бағасы шарықтап тұр. Тіпті, жылқы етінің бағасынан да асып түсті. Ел мұны қазақтың тарихында бұрын соңды болмаған деп жатыр. «Зеңгі баба тұқымының» заманы шындап туды.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Ауыл шаруашылығы министрлігі «елде сиыр еті жеткілікті» деп мәлімдегенмен, базардағы баға оны растамады. Қазір қай өңірде болмасын 1 келі сиыр еті 4 мың теңгеге жетіп жығылды. Ал жылқы еті 3,5 мың теңге шамасында. Сарапшылар мұндай жағдай қазақ тарихында алғаш тіркеліп отыр дейді. Ал, экономистер бұл — кездейсоқ құбылыс емес, жылдар бойғы жүйесіздіктің нәтижесі дейді. Мал басының азаюы, жем-шөп бағасының шарықтауы, экспорттық шектеулер мен субсидияның тиімсіздігі — бағаның көтерілуіне бірдей әсер еткен.

Атқамінерлер қандай уәж айтуда?

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының орынбасары Ербол Есенеев жағдайды былай түсіндіреді:

— Сиыр еті ежелден қазақтың басты асы болған жоқ, ол кеңестік кезеңнің «мұрасы». Қазақ даласы сиыр өсіруге қолайлы емес. Ірі қара көп ауырады, жем-шөпті көп жейді, ал оны өсіру қол еңбегін қажет етеді. Қазір сиыр етінің өзіндік құны жылқы етінен жоғары. Сондықтан баға да шарықтады.

Мәжіліс депутаты Қазыбек Өлішев сиыр шаруашылығына бөлінетін субсидиялардың тиімділігі өте төмен екенін айтады:

— Соңғы жылдары асылтұқымды ірі қара сатып алуға жүздеген миллиард теңге жұмсалды. Бірақ асылтұқымды малдың үлесі небәрі 13%. Қағазда бар, іс жүзінде жоқ. Нәтижесінде ет жетпейді, импортқа тәуелді бола бастадық, — дейді ол.

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров та саладағы проблемаларды жасырмайды:

Сиыр пұл болды...



— Асылтұқымды деп ауылдың қара сиырын қосып, субсидия алуға тырысатындар бар. Біраз қылмыстық іс қозғалды. Енді субсидия нақты өнімге, яғни өткізілген етке қарай төленуі тиіс. Сонда жемқорлық азаяды, — деді министр.

Қызығы сол — жылқы еті бағасы төмендеп келеді. Қолымызға тиген ақпараттарға қарағанда, бүгінде елде 4,4 миллионнан астам жылқы бар, яғни 1990 жылмен салыстырғанда 2,7 есеге өскен. Жылқы аз ауырады, тебіндеп жайылады, климатқа бейім. Сондықтан оның еті әрі дәмді, әрі тиімді. Сарапшылардың айтуынша, егер сиыр еті әрі қарай қымбаттай берсе, халық бірыңғай жылқы етін тұтынатын болады. Бұл — табиғи нарықтық бейімделу.

Хош... Сонымен, Мөңке бидің «Сиыр пұл болады, әйел би болады» деген сөзі бүгінде өмірдің өзімен дәлелденіп отыр. Қазақ қоғамы түбегейлі өзгерді. Шаруашылықтың сипаты да, әлеуметтік қатынастар да жаңа арнаға түсті. Сиыр еті — байлықтың нышанына айналып, әйелдер қоғам өмірінде жетекші рөлге шықты. Бұл — уақыттың заңы, даналықтың дәлелі.

Сиыр етінің қымбаттауы — тек экономикалық мәселе емес, ауыл шаруашылығындағы жүйесіздіктің, климат пен нарықтың өзгерісінің көрінісі. Бірақ, бұл да өтпелі

кезең. Егер мемлекет пен шаруалар күш біріктірсе, салада жаңа тепе-теңдік орнап, қазақтың дастарқанында еттің түр-түрі қайта молаяды.

Аймақтағы ахуал қандай?

Сәтбаев қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Төленті Жақыпұлы кеншілер қаласында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасына тұрақтылық сақтау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде дейді. Қаладағы ет бағасына жүргізілген соңғы мониторинг нәтижесі бойынша, сиыр етінің (сүйекті жауырын-төс бөлігі) орташа бағасы 3300-3800 теңге аралығында, жылқы еті де шамамен осындай деңгейде — 3300-3800 теңге көлемінде сатылуда.

Ал, апта сайын ұйымдастырылатын ауыл шаруашылығы жәрмеңкесінде ет өнімдері сәл төмен бағада, яғни сиыр еті — 3200 теңгеден, жылқы еті — 3200 теңгеден ұсынылады. Қала дүкендерінде ет саудасымен айналысатын кәсіпкерлер өнімді 2900-3000 теңге аралығында көтерме бағамен сатып алады. Ет өнімдері негізінен Сәтбаев және Жезқазған қалалары мен Ұлытау, Жаңаарқа аудандарындағы шаруа қожалықтарынан жеткізіледі.

Бағаның тұрақтылығын қамтамасыз

ету мақсатында Сәтбаев қаласы әкімдігінің бастамасымен ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері тұрақты өткізіліп келеді. Мұнда ет, сүт, көкөніс, жеміс-жидек сияқты өнімдер белгіленген төмен баға бойынша сатылады.

Сонымен қатар жергілікті кәсіпкерлер «Ұлытау» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясының тұрақтандыру қорынан алынған өнімдерді қолжетімді бағамен нарыққа шығарады.

Инфляциялық процестерді тежеу және бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу бағытындағы бақылау жұмыстары «ҚР Сауда және интеграция министрлігінің» аймақтық департаменттерінің құзыретінде. Ал Сәтбаев қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі апта сайын азық-түлік бағалары бойынша мониторинг жүргізіп, мәліметтерді Ұлытау облысы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне жолдап отырады.

Бөлімінің басшысы Төленті Жақыпұлының айтуынша, баға тұрақтылығын сақтау, нарықты сапалы және қолжетімді өніммен қамту бағытындағы шаралар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын табады.

Тақырыпты тұздықтау

Фермерлер не деді?

«Біз бұрын малдың бір бөлігін Өзбекстан мен Ресейге сатып, жақсы табыс табатынбыз. Сол табыс есебінен ішкі нарыққа етті арзанырақ беруге мүмкіндік болатын. Ал қазір экспортқа тыйым салынды, квотаны ірі компаниялар ғана алады. Ал шағын шаруа қайтпек? Жем-шөп қымбат, несие үстемесі жоғары. Амал жоқ, бағаны көтеріміз. Соның салдарынан, фермерлердің көбі етті қымбат сатуға мәжбүр, өйткені «шығын жабылмаса, шаруашылық тұралап қалады».

Қарапайым тұтынушы не дейді?

Жанар Құрманова, Сәтбаев қаласының тұрғыны:

— Бұрын сиыр етін аптасына бір алатынбыз, енді айына бір рет қана аламыз. Бағасы жылқы етінен де асып кетті. Кейде сиыр етінің орнына тауық етін аламыз. Үкімет «ет жеткілікті» дейді, ал базардағы сиыр еті қалта көтермейді.

Данияр Сейітов, жас отбасы иесі:

— Бұрын қазақ дастарқаны етсіз болмайтын. Қазір ет алу — ерлікке айналды. Сиыр еті — байдың асы болды.

Ағаш отырғызу – сауапты іс

Жуырда Ұлытау аудан аумағында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында экологиялық жағдайды жақсарту және туған өлкеге деген қамқорлықты арттыру мақсатында ағаш отырғызу жұмыстары ұйымдастырылды.

Акция аясында аудан аумағына 4 қазан күні 415 түп ағаш отырғызылса, 11 қазанда Бүкіл қазақстандық ағаш отырғызу күніне орай тағы да қосымша 201 түп тал егілді. Мұның бәрі-келешек ұрпаққа жасалып жатқан маңызды қадам және ауданның экологиялық келбетін жақсартуға бағытталған — игі іс.

Қашаннан қоршаған ортаны қорғау, экологиялық мәдениетті арттыру, жас ұрпақтың санасына табиғатты аялау ұстанымын сіңіру-бұрыннан келе жатқан дәстүр. Сондықтан, «Таза Қазақстан» - тек экологиялық жоба ғана емес, ол — мәдениетімізді, санамызды тәрбиелеу жолы.

Қорыта айтқанда, бұл іс-шара аудан тұрғындарының табиғатқа деген жанашырлығын, туған елге деген сүйіспеншілігінің жарқын көрінісін көрсеті.

Өз тілшімізден



Таза
Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

Тарих беттерінен

Ел үшін өмірін арнаған ерлер еді

Ұлытау – ежелден ерлердің, еңбек пен төзімнің мекені. Осы қасиетті өңірдің әр тасында, әр сайында талай тағдырдың ізі сайрап жатыр. Сол іздердің бірі – ел есінде мәңгі қалған бір қайғылы да тағылымды оқиға.

1965 жылдың көктемі. Сәуір айының бел ортасы, жер бетінің буы бұрқырап, сай-сала суға толған кез. Бұл уақытта мал төлдету науқаны қызған шақ болатын.

Жұмаділда Қасымбеков пен Хибат Өтебаев – өз дәуірінің шын еңбек ерлері еді. Олар ел амандығы мен халық берекесі үшін жанын шүберекке түйіп, өмірін құрбан етті. Екеуінің есімі адалдық пен ерліктің мәңгілік символындай ел жадында қалды.

Ұлытау кеңшарына қарасты Қызылүй фермасында меңгеруші болып қызмет атқарған Жұмаділда Қасымбеков сол бір ауыр да жауапты жылдары шаруашылықтың бар тауқыметін иығына артқан жан еді. Күн демей, түн демей еңбектің ортасында жүретін, мал басының қамы мен ел тұрмысының жайын қатар ойлайтын, жұрт сыйлаған еңбекқор азамат болатын. Оның әр ісінен туған жеріне деген адалдық пен жауапкершілік сезіліп тұратын. Оның қарамағында бірнеше қыстау бар-тын, соның бірі – Қара Жыланды. Бұл қыстау шамамен 25–30 шақырым қашықтықта, Амангелді бағытында орналасқан.

1965 жыл 24 сәуір күні таң алдында қыстаудан жедел хабар жетеді: қойлар қырылып, жаңа туған қозылар аштықтан әлсіреп жатқан көрінеді.

Бұл хабарды естіген Жұмаділда көп ойланбай, дереу әрекетке көшеді. Таңғы алтылар шамасында азық-түлік дүкенін ашып, қалтасына жиырма шақты емізік салып, жолға дайындалады. Трактор жүргізушісі Хибат Өтебаев екеуі алғашында екі атпен бармақ болғанымен, жер лайсаң, қар еріп, батпақ көбейгендіктен, трактормен шығуға шешім қабылдайды.

Жол ауыр. Қар еріп, әр сай тасып жатыр. Бірақ оларды тоқтатар күш жоқ.

Жұмаділданың ойында бір-ақ мақсат – мал амандығы, қозылардың өмірін сақтап қалу. Ол өз ісін адал атқаруды өмірлік парызы санаған жан еді.

Күн көтерілген сайын өзеннің де екпіні арта түсті. Қыстауға жетуге аз-ақ қалғанда, шамамен түстен кейінгі екілер шамасында, Қара Жыланды өзенінің тасыған суы тракторды бір-ақ аударып жіберді.

Апат аяқ астынан болды. Сағат 15:00 шамасында, 1965 жылдың 24 сәуірінде, трактордың ауыр кабинасы су тасқынының күшімен суға батып, есігі ашылмай қалды. Сол сәтте Жұмаділда мен жүргізуші Хибат судың астында қамалып, сыртқа шығуға мүмкіндік таба алмады.

Табиғаттың тосын мінезі екеуінің өмірін алып кетті.

Келесі күннің таңында ғана тасқын басылып, ел-жұрт олардың жансыз денелерін судан шығара алды.

Бұл оқиға ел ішінде ұзақ айтылды. Ол тек қана қайғылы оқиға емес, еңбекке деген адалдықтың, борышқа берілгендіктің символына айналды.

Жұмаділда Қасымбеков пен Хибат Өтебаев – ел еңсесін көтерген еңбек



майданының қаһармандары. Олар өз өмірін өзгенің бақыты мен тыныштығына бағыштады.

Ұлытаудың боз даласы олардың есімін үнсіз еске алып, әр көктем сайын Қара Жыландының арнасында тасқындай атқылайтын су толқынымен бірге сол ерліктің естелігін іштей сыбырлап тұрғандай сезіледі...

Ұлытаудың самал желі мен қоңыр таулары талай тағдырдың куәсі болған. Сол өңірдің бір перзенті – Жұмаділда Қасымбеков 1927 жылдың 12 желтоқсанында Қарағанды облысы, Ұлытау ауданының Социал ауылдық кеңесіне қарасты шағын ауылда дүниеге келген. Қарапайым қазақ отбасында тәрбиеленген бала жастайынан еңбектің қадірін, елдің жүгін сезініп өсті.

Әкесі Қасымбек Еденбайұлы мен анасы Әнапия Бектемірқызы ұлдарын адалдыққа, төзім мен еңбекқорлыққа баулады. Сол бір балалық шақ 1936 жылға дейін ата-анасының аялы алақанында өтті. Ал 1937 жылдан бастап жас Жұмаділда мектеп қабырғасында білім алып, 1943 жылы жетіжылдық қазақ орталау мектебін тәмамдады.

Бұл кезең – ел басына ауыр сын түскен соғыс жылдары еді. Әлі жастай болса да, ол өз қатарластарымен бірге еңбек майданына араласып, туған жердің тұрмыс-тіршілігіне қолғабыс етті. Қатардағы жауынгер ретінде ел алдындағы борышын абыроймен атқарып шықты.

Соғыстан кейінгі жылдары да Жұмаділданың өмірі еңбектің өнегесімен өрілді. 1944 жылдан бастап «Лениншіл» колхозында 17 жастан бастап жұмыс істеп, колхозшыдан ферма меңгерушісіне дейінгі жолды адал еңбегімен жүріп өтті.

Сатушы, есепші, шаруашылық басшысы болсын – қай қызметті атқарса да, барынша жауапкершілікпен, ұқыптылықпен орындады.

1957 жылдан бастап оның өмірі Ұлытау совхозымен тығыз байланысты болды. Әуелі Аралтөбе, кейін Айыртау бөлімшелерінде еңбек етіп, сол жылдары тәжірибелі ұйымдастырушы әрі шаруашылықтың нағыз жанашыры ретінде танылды. Ал 1963 жылдан бастап Қызылүй фермасында меңгеруші қызметін атқарып, шаруашылықтың өркендеуіне өлшеусіз үлес

қосты.

Жұмаділда Қасымбеков – елдің берекесін ойлаған, әр істің қадірін түсінген, адал еңбек пен сабырлы мінезді ту еткен азамат еді. Оның өмір жолы – тұтас бір дәуірдің айнасы, ауыл тіршілігінің тынысын сездіретін шежіре сынды.

Отбасында да ол мейірім мен жауапкершіліктің үлгісі болды. Зайыбы – Ақжібек Биқадамқызы Сихымбаева (1929ж.т.) өмірлік серігі, шаңырақтың шырағын жаққан жан еді. Құрманғали атты ұлы кішкентай кезінде өмірден өтсе де, олардың шаңырағы үмітін үзбей, балалары Ақайшаны, Абзалды тәрбиелеп өсірді.

Қасымбеков Жұмаділданың өмірі – Ұлытау даласының өзіне тән сабырлы мінезіндей, еңбекпен өрілген, ұлт рухымен нұрланған ғұмыр. Оның өнегесі мен ізгілігі кейінгі ұрпаққа үлгі болып қала бермек.

Жұмаділда – адалдық пен еңбекқорлықтың айнасы еді. Өз ісіне деген сүйіспеншілігі мен табандылығы арқасында ол басқарған фермада өндіріс көлемі артып, табыс көбейді, еңбек тәртібі мен ұйымшылдық нығайды. Жұмысына деген ықыласы мен жауапкершілігі оны ұжым ортасында ерекше құрметке бөлеп, беделін биіктетті.

Сол дәуірдің куәсі болған Ұлытау кеңшарының тұрғындары мен «Ұлытау» бастауыш партия ұйымының мүшелері — Қаратай Сейтенов, Серікбай Қоңыров, Катжан Байдилдинов — өз замандасының еңбегіне әділ баға беріп, оның жауапкершілігі мол, қоғамдық істерге белсене қатысатын, партия тапсырмаларын тиянақты орындайтын еңбекқор азамат екенін айрықша атап өткен. Бұл мінездеме 1961 жылдың 25 желтоқсанында жазылған. Ол Ұлытау облыстық мемлекеттік архивінде сақталған. Архивтегі жеке істер қорында Жұмаділданың өз қолымен жазған өмірбаяны, жеке ісі, ұсыныстары, өтініші және осы мінездемесі бар.

Алайда тағдырдың өз өлшемі бар...

Елге еңбек етіп, ауыл шаруасын өрге сүйреп жүрген азаматтың ғұмыры тым қысқа болды. 1965 жылы небәрі 38 жасында Жұмаділда Қасымбекұлы мен механизатор Хибат Өтебаев қызметтік міндетін атқарып жүрген сәтінде табиғаттың тосын тосқауылына тап болып, қыршынан қиылды.

Олар артында елі сүйген есіммен ұрпаққа өнеге болған тағдыр жолын қалдырды.

Ферма меңгерушісі болған Жұмаділда Қасымбеков пен механизатор Хибат Өтебаев — туған жерінің өркендеуі жолында қажырлы еңбек еткен жандар. Олардың өмірі мен өнегелі еңбегі Ұлытау өңірінің тарихында айрықша із қалдырды.

Алпыс жыл уақыт өтті — сол бір қайғылы көктемгі күннен бері, Ұлытау тұрғындарының жадында мәңгі із қалдырған қасіретті оқиғадан.

1965 жылдың 24 сәуірінде тағдыр жердің қос еңбеккері — ферма меңгерушісі Жұмаділда Қасымбеков пен тракторшы Хибат Өтебаевтың өмірін қиды. Олар Қызылүй фермасына қарасты Қара Жыланды қыстағында қой мен қозының қырылу қаупі туған сәтте көмек көрсетуге асыққан еді. Көктемгі тасқын су кең жайылып, өзен арнасынан асқанымен, олардың борышы мен ар-ожданы күтуді көтермеді.

Қара Жыланды өзенінің асау ағысын кесіп өтпек болған олар табиғаттың тегеурініне қарсы шықты. Кенеттен көтерілген су тракторды аударып, бір сәттің ішінде екі еңбекқор, адал да қарапайым, бірақ асыл жандардың өмірі үзілді. Олар өмірден үнсіз, бірақ ерлікпен өтті — күнделікті еңбегі ерлікке айналып, ісіне адалдығы кейінгі ұрпаққа өнеге болған жандар еді.

Содан бері дәуір ауысты, жаңа ұрпақ өсіп жетілді. Егер олар тірі болса, бүгінде Жұмаділда 90 жасқа, ал Хибат 85 жасқа толар еді. Сол кездегі замандастары мен кеңшар әріптестерінің көбі бұл дүниеден өтіп кетті. Бірақ жүрегінде олардың бейнесін сақтап келе жатқан Ұлытаудың ақсақалдары бар. Олар-Мағзұмбек Машайықов, Кенжегүл Сихымбаева, Ибраһим Байболов, Өмірбек Кемесов және басқалар.

Олар сол қасіретті көктемгі күнді еске алған сайын қатты мұңға батады. Бұл мұң ғана емес еңбеккер жандардың ел үшін жасаған ерен ерлігін көрсетеді. Бұл естелік – өткеннің көмескі көлеңкесі ғана емес, ұрпақтар сабақтастығын жалғап тұрған жібек жіптей.

**Ерғали ҚАСЫМБЕКОВ,
ҚР ІІМ Құрметті ардагері.**

Тарих толқынында

Ұлытау – түркі текті халықтардың тарихи әрі саяси орталығы

Ұлы Дала – адамзат баласы жаралғаннан бері қилы-қилы заманалардың, әлемдік тарихтың өзегіне айналған небір айтулы оқиғалардың тұнба көзі болған кең байтақ кеңістік. Ұлытау – сол кеңістіктің кіндігі. «Ұлытау» атауының мән-мағынасы мен топонимін түсіндіруге арналған төмендегі екі болжам ерекше назар аударуға тұрарлық.

Орыс зерттеушілері парсы және орыс жазба деректерінің негізінде «Ұрықтағ, Ұлықтағ» және «Ұлытау таулары» түркі-моңғол географиялық топонимінің аудармасының нұсқалары ретінде «Рулық тау» («ұрық»– моңғолдар мен түріктер де— «ұрпақ, туыс, ру, тайпа», «тағ» — тау) және жошы ұрпақтары үшін ерекше қастерлі Ұлытау, Алтын Орда хандарының жазғы жайлауы; Ұрықтағ,Ұлықтағ таулары — Тоқтамыс иеліктерінің оңтүстік-шығысындағы ең шеткі нүкте, естелік белгі Ұлытауға көрінер тұстағы шоқының төбесіне орнатылған деп пайым ұсынған.

Қазақ зерттеуші Ө.Нұрмағанбетұлы: «Ұлытау» атауы, қазіргі түсінігіміздегідей, «биік, үлкен тау» дегенді білдірмейді. Оның ертедегі тұлғасы «ұлық тау», немесе «ала тау», қалпында тіркесіп, тұңғыш мағынасы «шоқтық тау», «аласа тау» сияқты ұғымға меңзеген. Уақыт өте «ұлық тау», немесе «ала тау», дыбыстық өзгерістерге душар болуы нәтижесінде қазіргі кездегі «Ұлытау» атауы пайда болған» деген қызықты пікір айтқан.

Қазақ ғылымының шын мәніндегі, тұңғыш ұйымдастырушысы һәм әмбебап ғалым Қ.И. Сәтбаевтың : «Сондықтан Ұлытау жоталары қазақ даласының неше ғасырдан бергі тарихының ашық алаң, кең майданы болып келген. Талай хандар ордасын осы Ұлытауға тіккен. Талай батырлар жасағын осы Ұлытауға орнатқан. Сарысуға құятын Қаракөңгір дейтін өзеннің жиегінде атақты Шыңғыс ханның баласы Жошы хан мен Алаша хандардың мазарлары әлі күнге дейін бұзылмай тұр. Жыланшық өзенінің бастау көзі шығатын Ұлытаудың бір биігінде Ер Едігенің моласы бар деп жұрт аңыз етеді. Абылай да ордасын Ұлытауға тіккен, Ұлытаудың түстік бөктеріндегі «Хан төбе» дейтін жерде өткен XIX ғасырдың 30-шы жылдарында атақты Кенесары батырды Орта жүздің баласы басы Арғын Шеген би болып, ақ киізге салып хан көтерген» деп жазуы Ұлытаудың геосаяси салмағының қаншалықты маңызды екенін анық көрсетеді.

Ерте орта ғасырларда Ұлытау-Жезқазған өңірін мекендеген оғыздар мен қимақтардың тарихы мен географиялық орналасуы жайында парсы тарихшысы Әбу Саид Гардизидің «Зайн-әл-ахбар», араб географы Әл-Идрисидің «Нузхат әл-Муштақ фи Ихтарак әл-Афак» атты шығармаларынан табуға болады. Отандық ғалым Б.Е.Көмековтың «IX-XI ғғ. Қимақ мемлекеті араб деректері бойынша» еңбегінде ортағасырлық араб деректерінің негізінде қимақ елі жан-жақты сипатталған еді. Шығыстанушы Б.Е.Көмековтың қимақ елінің географиясы, керуен жолдары туралы мәліметтері Ұлытау өңірінің ортағасырлық топонимдерін анықтауда, жаңа тұжырымдарға жол ашады.

Ұлытау өңірі ортағасырларда бірнеше ірілі-ұсақты тарихи және саяси оқиғалардың алаңы болған белгілі. Соның ішінде Жошы ұлысының (Ұлық ұлыс) тарихына тоқталуды жөн көрдік.

Жошы ұлысының ең алғаш шаңырақ көтерген кезеңіне қатысты аса маңызды мәліметтерді, даосизм дінінің негізін қалаушы ғұлама, сопы Чань Чуньнің жолжазбасынан көруге болады. Ол Шыңғыс

хан ордасын тіккен түсті металға бай өлке туралы мәлімет қалдырған. «Жергілікті тұрғындар ыдыс-аяқтарын таза мыстан немесе мыс қорытпаларынан, ал соғыс қаруларын суарылған темірден жасайды», - деп жазған ол, қаланың өмірін былай сипаттайды: «Қаладағы барлық базар алтындай жарқ-жұрқ еткен мыстан жасалған ыдыс-аяққа толы, тұрғындарының киген киімдері де өздеріне ыңғайлы болған. Басқа тауарларды былай қойғанда, қайшы мен бізге дейін таза алтыннан жасалған» Осы жерде «Шыңғыс хан білімі көп адамдарды қатты бағалаған» деген неміс ғалымының пікірі дұрыс па, деп ойлаймын.

Жошының Дешт Қыпшақ даласына келуі туралы парсы авторыәл-Жузжанидің «Та бака-и-насири» шығармасындабылайдепжазады: «Туши (Жошы. — Қ.Ө.) и Чагатай, управившись делами хорезмскими, обратились на Кипчак и Туркестан, покорили и заповолнили одно за другим войска и племена кипчакские и подчинили все (эти) племена своей власти» Жошының әкесі Шыңғыс ханға қарсы шығып, сол себептен оны әкесінің бұйрығы бойынша өлтіргені туралы мәлімет әл-Жузжаниде келтірілген: «Когда Туши, старший сын Чингиз хана, увидел воздух и воду Кипчакской земли, то он нашел, что во всем мире не может быть земли приятнее этой, воздуха лучше этого, воды слаще этой, лугов и пастбищ обширнее этих. В уме его стало проникать желание восстать против своего отца; он сказал своим приближенным: «Чингиз хан сошел с ума, что губит столько народа и разрушает столько царств. Мне кажется наиболее целесообразным умертвить отца на охоте, сблизиться с султаном Мухаммедом, привести это государство в цветущее состояние и оказать помощь мусульманам». Проведал он таком замысле брат его Чагатай и известил отца об этом изменническом плане и намерении брата. Узнав (это), Чингиз хан послал доверенных лиц своих отравить и убить Туши» Алайда Жошы мен Шағатай арасындағы келіспеушіліктер Шағатайдың Жошыны «меркіттің сыйлығы» деп айыптауы туралы «Монғолдың құпия шежіресінде» айтылады. Жувеинидің «Тарих-и-джехангуша» еңбегінде: «Ту зиму (1222-1223 жж. — Қ.Ө.) Чингиз-хан пробыл в пределах Самарканда и послал к старшему сыну своему Туши гонца с приглашением также приехать туда из Дешт-и-Кипчака и позабавится охотой, главным образом, на диких ослов» Жошы әкесімен тек көктемдеҚұлан басы дегенжердекездесіп, 20000 жылқы сыйлайды. Бұл мәліметтер Жошының Дешті-Қыпшақты мекен еткенін көрсетеді. Бірақ нақты қай жерлерде болғандығы айтылмайды. Жувеини Жошының Құланбасынан қайтқанан кейін қайтыс болғанын жазады: «Когда Туши, старший сын Чингиз-хана, прибыл к нему, к пределам Кулан-баши, и оттуда ушел назад, настал (для него) заповедный срок» Біраққайжердеқайтысболғаныжазылмайды.

Жошының хандық құруы туралы парсы тарихшысы Фазлаллах Рашид-ад-диннің «Жами ат-тауарих» шығармасында біршама мәліметтер келтірілген. Рашид-ад-диннің мәліметтеріне сүй-

енсек, Шыңғысхан әскерлерінің Орта Азияға жорығынан кейін де Жошының ордасы Ертіс өзенінің бойында орналасады: «Чагатай и Угедей отправились к отцу и у крепости Талыкан явились (к нему), а Джучи прямо из Хорезма двинулся к Ирдышу, где находились его обозы (угрук) и присоединился к своим ордам». Рашид-ад-дин Жошының өліміне байланысты қызықты дерек келтіреді. Оның қысқаша сюжеті келесідей: Шыңғыс хан Жошыға солтүстік облыстарды жаулап алуға бұйрық береді. Бірақ ол бұдан бас тартып, өз бетімен кетеді. Шыңғыс хан қатты ашуланып, оны жазаламақшы болады. Осы уақытта Жошы ауырып қалады. Шыңғыс хан өз ордасына келгенде, Жошы оған келе алмай, тек сыйлықтар жібереді. Одан кейін де Шыңғыс хан Жошыны бірнеше рет шақыртады. Ол ауырып жатқандықтан келе алмай, кешірім сұрайды. Бір жолы манғыт руының бір адамы Жошы жұртынан келіп, Жошының аң аулап жүргенін көргендігін айтады. Мұны естіген Шыңғыс хан қатты ашуланып, Жошыға қарай Шағатай мен Угедейді аттандырып, өзі де жорыққа шықпақшы болып жатады. Осы кезде Жошының өлімі туралы хабар келеді. Жағдайдың анық-қанығына жеткенде манғыт руының адамының айтқаны өтірік болып шығады. Оны іздестіргенде із-түзсіз жоқ болып кетеді. Жошының өлімінің себептері Әбілғазының «Түрік шежіресінде» айтылмайды. Тек Шыңғыс хан Қытай жорығында жүргенде «Жошы хан бұл кезде өлген еді» дейді және «Жошы хан әкесінен бұрын өлді», «Шыңғыс хан Жошының өлгенін естіген соң қатты қайғырып, аза тұтты» деп жазады.Жошы туралы көп мәліметтер келтіргенімен, Әбілғазы оның өлімінің себебі туралы, қай жерде өлгені туралы ешқандай мәлімет бермейді.Жошының қай жерде өлгені туралы тек Өтеміс қажының «Шыңғыснамесінде» мәлімет беріледі:«Иочи-хан был старшим из его сыновей. Он [Чингизхан] дал [ему] большое войско и отправил, назначив в вилайете Дашт-и Кипчак, сказал: «Пусть будет пастбищем для твоих коней». Дал [ему также] вилайет Хорезм. Когда Иочи-хан отправился в вилайет Дашт-и Кипчака, он достиг Улуг-Тага, который известен. Однажды, когда он охотился в горах, ему повстречалось стадо марал-кийков. Преследуя и пуская стрелы, он свалился с коня, свернул себе шею и умер» Осы дерек Жошының не себептен Ұлытауда жерленгендігін түсіндіретін сияқты. «Шыңғыснамені» зерттеген қазақстандық шығыстанушы В.П.Оudin шығарманың орта ғасырлардағы тарихы үшін маңызы зор екенін, оның Шыңғысханның ұрпақтарының және Дешті-Қыпшақ тайпаларының өкілдерінің әңгімелерінің негізінде жазылғанын айтады [19; 25]. Сондықтан «Шыңғыснаме» деректері күмән тудырмайды. Бұл жағдайды «Шыңғыснамені» жариялаудағы жауапты редактор Б.А.Ахмедов те айтады. Мысалы, ол Жошы ханның өлуі туралы «Шыңғыснаменің» мәліметіне назар аударады. Жошының қайтыс болған жері туралы нақты мәлімет тек «Шыңғыснамеде» айтылады. Ол Ұлытау таулары, Жувеинидің дерегі бойынша, Жошы Құлан басыдан қайтқаннан кейін қайтыс болады. Бірақ Рашид-ад-дин Жошыны «бір жұрттан бір жұртқа көшіп жүріп, аң аулайтын жері. болып табылатын тауға келді» деп жазады Бұл Ұлытау тауы екені анық. Жузжани мәліметінше, Жошы Құлан басыдағы кездесуден кейін, әкесінен алшақтап, Рашид-ад-диннің айтуынша, оған бармай, Ертістегі ордасынан Ұлытауға қоныс аударды деп қуаттайды Өтеміс қажы мен Рашид-

ад-дин. Жошының Ұлытауда жүрген жерінде, Жузжанидің жазуы бойынша, «Шыңғыс ханның сенімді адамдары», монғолдың дәстүріне сәйкес «құрметті өлім» жазасын орындайды. Рашид-ад-дин Жошының қайтыс болғандағы жасы, «Жошы ұлысынан келген адамдардың айтуы бойынша», 30 бен 40 жастың аралығында болу керек деп мәлімдейді. В.В.Бартольд 1225 жылы Жошының жасы 40-тан кем болмау керек, себебі 1206 жылы Угедейдің ұл баласы болды деп жазады. Жошы ханның тарихына байланысты мәліметтерден кейін, Ұлытау өңірі жазба деректерде, тек Шайбанның ұлысының орналасуына және Тоқтай ханның қайтыс болуынан кейін Жошы ұлысының екіге бөлінуіне байланысты ғана мәліметтерде кездеседі. Зерттеуші А.А.Семенов, С.Лен-Пульдің мәліметтеріне сүйене отырып, Шайбанның жаз уақыттарында Орал таулары мен Елек және Ырғыз өзендерінің аралығында көшіп жүретіні, ал қыста Сырдария, Шу және Сарысу аумағында қыстайтынын есепке ала отырып, «Шейбан ұлысының шекарасы ұзақ уақыт сақталып тұрды деуге болады, әрине, көшпелілердің қозғалғыштығын ескерсек, шекара тұрақтылығы деген ойлауға келмейді» деген пікір білдіреді.

Ал «Ескендір анонимінде» Тоқта ханның өлімінен кейін Жошы ұлысының екіге бөлінгендігі туралы айтылады: «После этого улус Джучи разделился на две части. Те, которые относятся к левому крылу. То есть пределы Улуг-тага, Секиз-ягача и Каратала до пределов Туйсена, окрестностейДжен-даиБаркена,утвердились за потомками Ногая, и они стали называться султанами Ак Орды»

Бұл мәліметтер Ұлытау өңіріндегі Ұлық ұлыстың саяси, тарихи мәні мен маңызын ашып, жаңа ойларға жетелері анық. Ұлытау өңірінің ортағасырлық тарихтан көрініс алатын кезі Әмір Темір, Едіге есімдерімен байланысты.

Әмір Темірдің Ұлытау өңіріне алғаш аяқ басуы Низам-ад-дин Шамидің «Зафарнаме» шығармасындағы мәліметтерге сүйенсек, шамамен 1387 жылдың күзінде еді. Бұл оқиға Тоқтамыстың Әмір Темірден бөлектеніп, Түркістан өлкесіне жорық жасауынан басталды. Низам-ад-дин Шамидің жазбасы бойынша, Тоқтамыс Ходжент өзенінен өтіп, оның әскерінің авангарды Зернук деген жерге дейін жетті. Темір әскер жинап, Ходжент өзенінде қарсыласының әскерін жеңіліске ұшыратады. Одан кейін Темір әскерлері қарсыластарына түнгі шабуыл жасап, қарсы жақ Арыс өзеніне өтіп қашады. Темір әскерімен қашқан әскердің соңына түсіп, Ходжа-Шейхты, Тублакты, Қараханды, Аман-шахты және Дәулет-шахты қырық сарбазымен барлауға жібереді. Олар Сарыөзен деген жерде Тоқтамыстың қарауыл әскерімен кездесіп қалып, шайқасады. Мұндағы Сарыөзен деп аталатын жер Ұлытау өңірі арқылы оңтүстікке қарай ағып өтетін Сарысу өзені. Қайтып келе жатқанда барлаушылар Кыдба-тарханға кездесіп қалады. Низам-ад-дин Шами онда «жүз шақты шаңырақ болды» деп жазады. Үлкен ұрыс болып, Кыдба-тарханды тұтқындаған әскер, оның үйлерін және мал-мүлкін Ақсүме деген жерге апарды. Одан кейін Темір әскерлерімен «Урунг-Чагыл арқылы өтіп, Биланға келеді, Сарыөзеннен және Курчуннан өтіп, Ал-Кушунда тоқтайды» Курчун — Ұлытау өңіріндегі Күршім құмдары болуы керек.

(жалғасы бар)
Қабдол ӘУЕЗОВ,
«Үздік өлкетанушы» төсбелгісінің иегері,
тарихшы-археолог.



Кітап – қазына



Оқырмандар өзара сайысқа түсті

Ұлытау ауданының орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің ұйымдастыруымен «Оқитын өлке» жобасы аясында жазушы Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы бойынша «Кітап оқу лидері» тест-сайысы өткізілді. Іс-шара қалың қауымның риясыз ықыласына бөленген қарымды қаламгердің туғанына 110 жыл толуына орай ұйымдастырылды.

Оқырмандарды тарихи көркем әдебиетті оқуға ынталандыру мен олардың ұлт тарихына қызығушылықтарын арттыруды мақсат тұтқан зияткерлік сайысында бақ сынаушылар қатарында 18-45 жас аралығындағы 13 қатысушы болды. Оларға «Көшпенділер» трилогиясы негізінде 80 сұрақтан тұратын тест беріліп, дұрыс жауапты белгілеу шарты ұсынылды.

Сайыс нәтижесін төрағалық тізгінді Ұлытау ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану бөлімінің жетекшісі Азат Сабыржан ұстаған, құрамында Ұлытау ауданы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Салтанат Ниязова мен аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Айнұр

Өбілхайырова бар құзырлы қазылар алқасы бағалады. Жеңімпаздарға номинациялар бойынша дипломдар мен сыйлықтар табысталды. «Кітап оқу лидері» номинациясы бойынша Бас жүлдені Жанель Мейрамқали иеленді. I орынды Серікбол Аманжол мен Меруерт Бимағанбетова жеңіп алды. Гаухар Жанұзақова мен Қуантай Жабагин II орын жүлдесін иеленсе, Азамат Каренов, Жаңагүл Бекмағанбетова, сондай-ақ, Гүлназия Құрманбаева III орынға табан тіреді.

Басқа қатысушылар да дипломдар және ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды.

Сандуғаш ДҮЙСЕНБАЕВА,
Ұлытау ауданы орталық
кітапханасының әдіскері.

Мәдениет

Кітапханада өткен айшықты шара

IV Республикалық «KITAP time -2025» фестивалі аясында Ұлытау аудандық орталық кітапханасында «Кітапхана – үміт пен білім аралы» атты ашық есік күні өткізілді.



Іс-шараның негізгі мақсаты кітап оқуды насихаттау, жастарды рухани құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру болды. Осы мақсатта өткізілген «KITAP time -2025» іс-шарасы оқырман қауымға арналған мәдени ағартушылық бағдарлама негізінде өрбіді.

Әуелі кітапхана әдіскері Сандуғаш Дюсенбаева іс-шараның бағдарламасымен таныстырды. Бұдан кейін аудандық Мәдениет үйінің әншісі Гүлмира Сыздықова «Жолыққан қандай жақсы» әнімен кешті әрлендірді.

Кеш барысында абонемент бөлімінің кітапханашысы Сәния Бірмағанбет Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Абай білім арнасы- ақыл ойдың айнасы» атты кең көлемде өткізілген көрмеге шолу жасады.

Шара барысында «Абай ізімен – әдеби саяхат» атты сұрақ-жауап ойындары ойнатылды. №1 Ұлытау Тірек мектебінің 5 «Ә» сынып оқушысы Гүлнұр

Ысқақ Абайдың «Құлақтан кіріп бойды алар» өлеңін жатқа мәнерлеп оқыды.

Оқу залының кітапханашысы Бақыткүл Бейбутова «Оқитын ел – озық ел» тақырыбында оқырмандармен ашық диалог жүргізді. Сұрақ-жауап тәсілімен өрбіген шарада кітапхана оқырмандары Бибі-Ажар Дөркенбаева, Светлана Омарова және Қарлығаш Абаева өздерінің кітапханадан алып оқыған әдеби кітаптарындағы ойға түйген ойларымен бөлісті. Сонымен қатар балалар кітапханасының кітапханашысы Құралай Төребай мерейтой иелерінің шығармаларына арналған бейнекөріністер және балаларға арналған «Кейіпкерлер әлемі», «Әдебиетке саяхат» атты вирту-

алды ойындар ұйымдастырды.

Кітапхананың оқырманы №1 Ұлытау Тірек мектебінің 6 «Ә» сынып оқушысы Айханым Аманбекқызы «Ана» әнін орындады.

Ұлытау ауданының орталық кітапханасының «Оқитын өлке» жобасы аясында «Алмазды мазайка» тақырыбында ұйымдастырылған қолөнер шеберлерінің көрмесін шараға қатысушылар тамашалады.

Шара соңында Ұлытау ауданының орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Салтанат Ниязова сөз сөйлеп, оқырмандарға алғысын білдірді.

Сания БІРМАҒАНБЕТ,
Ұлытау аудандық орталық
кітапханасының
кітапханашысы.

Жәдігер

Әмір Темірден қалған белгі

Қасиетті Ұлытау өңірі – тұнып тұрған тарих екендігі бәрімізге белгілі. Ежелгі заманның көне сырларына толы шежірелі өлке. Тарихи тұлғалардың ізі қалған қасиетті жер.



Әмір Темір 1391 жылы 300 мың әскерімен Самарқандтан Алтын Орда ханы Тоқтамысқа қарсы соғысуға аттанып, сол жылдың көктем мезгілінде Ұлытауға жетеді. Қасиетті жеріміздің таза ауасын жұтып, мөлдір суына қанып, шүйгінді жайылымын көріп, рақаттанған билеуші әбден шаршаған әскеріне бірнеше күн тынығып, демалып алуына рұқсатын береді. Осы жерде демалған Әмір Темір қасиетті өлкеге бір белгі қалдыруды ойлайды. Жергілікті тұрғындар арасында көнекөз қарттардан жеткен Алтыншоқы туралы мынадай аңыз сақталған. Ұлытауға табаны тиген алғашқы күні-ақ Әмір Темірге жаратушыдан аян түседі. Түсінде Хан ордасының желке тұсындағы жазық даланың сыртын қоршап тұрған көп шоқының бірі оны өзіне шақырғандай болады. Сол шоқының үстіне шыққанда жоғары жақтан жалт-жұлт өткен сәуле жан-жағын жарық қылып, жарқыратып жібереді. Әмір Темір ояна сала әскерін жинап Алтын шоқыға жетіп, тура түсіндегідей атымен шоқының төбесіне шығып, «Осы жерге көктен жарқыраған тас түсті. Соны табыңдар!» деп бұйрады. Қалың қол, аттылы-жаяулы әскері төңіректі қарап, шоқының маңынан жарқырап жатқан тасты табады. Ел арасында «Әмір Темір әр жауынгеріне бір-бір тастан тастатып, шоқы тұрғызып, басына тас қорытатын пеш салдырып, жанындағы «Жеті қыз» өзенінің жағасынан жағатын тал қидырып, балқыған тастың бетіне жазу жаздырған» деген де аңыз бар. Осылайша Әмір Темірдің белгі қалдыру үшін таңдаған шоқысы ел ауызында «Алтын шоқы» атанып кетеді. Онда былай деп жазылған екен: «Қайырымды, мейірімді Алланың атымен бастаймын! Өмірді және өлімді беруші де данамыз! Тарихтың жеті жүз тоқсан бірінші қой жылы, жаздың ара (шілде) айы Тұранның сұлтаны Темірбек екі жүз мың әскермен Алтын Орданың ханы Тоқтамысқа қарсы соғыспаққа жүрді. Бұл жерден өтіп бара жатып белгі болсын деп қорған тұрғызып, жазу қалдырды. Тәңірім нәсіп берсін! Тәңірім ел адамдарына рақым қылсын! Олар бізге дұға арнап, еске алсын!

Әмин! Тұранның сұлтаны Темірбек».

Алтыншоқыда Әмір Темірден қалған белгіні тауып, оның әлемге жария болуына бірден-бір себепкер болған адам – қазақтың тұңғыш академигі, ғұлама ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаев еді. Ол 1935 жылы геологиялық зерттеу жүргізу барысында Ұлытау ауданындағы биіктеу шоқының басынан (Жезқазған-Арқалық тас жолынан батысқа қарай 40 шақырым жерде) Тұранның әйгілі билеушісі әрі қолбасшысы Әмір Темірдің жазып қалдырған белгітасын тауып алып, тарих ғылымында айтарлықтай жаңалық ашты. Тек тауып қана қойған жоқ, тарихи белгітастағы жазуды ғылыми тұрғыдан зерттеу жөнінде Ресейдегі ғалымдармен келісімге келген. Сонымен, Алтыншоқыдан табылған тарихи тасты белгілі шығыстанушы, КСРО Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті Н.Н.Поппе, түрколог-тарихшы А.И.Пономарев және т.б. зерттеп, жазуын араб және шағатай тілдерінен аударып шықты. Қаныш Сәтбаев өз мақаласында Алтын шоқыдан табылған таста он жол арабша сөз жазылғандығын айтады. Қарасты геологиялық балғамен ұрып көргенімен оған ешқандай сызат түспеген екен. Үш адам белгітасты көтеруге әрекет жасағанымен оны орнынан жылжыта алмаған. Бүгінде аталған белгітас Санкт-Петербургтағы Мемлекеттік Эрмитажда сақтаулы тұр. 1990 жылдың соңында оның ең алғашқы көшірмесі жасалып, Жезқазған қаласындағы «Қазақмыс» компаниясының Қ.Сәтбаев атындағы тарихи-өндірістік музейіне қойылды. Кейінірек тағы бір көшірмесі Алтыншоқыға апарып қойылды. Жалпы бүгінде оның түпнұсқасынан бөлек 6 көшірмесі жасалған екен. Сол көшірмелердің бірі біздің «Ұлытау» сапар орталығында қойылған. Оны келіп көрулеріңізге болады. Сондай-ақ, Алтыншоқы тарихымен толық танысуға мүмкіндік бар.

Жасұлан АЯШЕВ,
«Ұлытау» ұлттық
тарихи-мәдени
және табиғи музей-қорығының
экскурсия жетекшісі.

Брифинг

Бұқара қауіпсіздігі – басты назарда



Жақында Ұлытау ауданының ТЖБ №5 Өрт сөндіру бөлімі бастығының міндетін атқарушы, азаматтық қорғау капитаны Серік Мұқыш аудандық «Ұлытау» газетінің журналистерімен брифинг өткізді.

Брифингте Серік Маратұлы - жылдың кез келген мерзімінде оқыс оқиғалар мен табиғат құбылыстары салдарынан туындайтын жайттардың ортасынан табылу, шұғыл шешім қабылдап, тиімді әрекет ету-құтқарушының жұмысы екенін баяндай келе, сараптамалық мазмұнда салмақты әңгіме

ербітті.

Әңгіме барысында өрт салдарынан қауіпті жағдайды болдырмау және өрттің тұтануына жол бермеу мақсатында бөлім тарапынан түсіндіру жұмыстары үздіксіз жүргізіліп жатқанын мәлімдеді.

Бұдан кейін Серік Маратұлы бөлім жауынгерлерінің күнделікті қызметін та-

ныстырып, оқу жаттығу залын, техника паркін, кезекшілік бөлмесін аралатып көрсетті. Осы тұста байқағанымыз, бәрі көңілге қонымды болды. Заман талабына сай материалдық-техникалық базасы жаңартылған, сонымен қоса, қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Жұмыстарында оң өзгерістер бар.

Брифингте аудандық «Ұлытау» газетінің журналистері тақырып аясында бірқатар сұрақтарда қойды. Журналистер тарапынан қойылған сауалдарға №5 Өрт сөндіру бөлімі бастығының міндетін атқарушы Серік Мұқыш тұщымды әрі орнықты жауаптар қайтарды.

– Қазіргі таңда жылыту маусымы басталды. Осы тұрғыда, өрт қауіпсіздігін сақтау мақсатында аудандағы азаматтық қорғау қызметкерлері әлеуметтік қорғау бөлімі мамандарымен бірлесіп, әлеуметтік әлжуаз топтардың баспаналарында қауіпсіздік ережелеріне сәйкес, қадағалау жұмыстарын жүргізіп жатыр. Өңір тұрғындарына өрт қауіпсіздігі ережелері және өрттің алдын алу жолдары мұқият түсіндірілуде, деді азаматтық қорғау капитаны.

Өз тілшімізден

ТЖ бөлімі ескертеді!

Өрт қауіпсіздігі – өз қауіпсіздігің

Жеке тұрғын үйлер өрт қауіпі жоғары аймақта. Бұл әсіресе, пешпен жылытылатын үйлерге қатысты. Өкінішке орай, мұндай жағдайларда өрттің негізгі себебі көбінесе пештің ақауларынан болады. Бұл жылыту құрылғысының ең осал екі элементі-пеш пен мұржа. Егер өрт қауіпсіздігіне көп көңіл бөлінсе ондай жағдайлар орын алмайды.

Түтін мұржасы жылу жүйесінің маңызды элементі болып табылады. Қазандық жабдықтарының сенімді жұмысынан басқа, дұрыс тандалған мұржа жүйесі адамдардың қауіпсіздігін және ғимараттар мен құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Сондықтан, тұрмыстық немесе өнеркәсіптік қазандыққа арналған түтін мұржасы жоғары газ тығыздығы, коррозияға төзімділік, сондай-ақ статикалық беріктік сияқты маңызды қасиеттерге ие болуы керек.

Неліктен мұржаны оқшаулау маңызды?

Түтінге арналған жанбайтын отқа төзімді оқшаулаудың екі себебі бар. Ол үйді өрттен қорғайды. Жану өнімдері пештің отығынан немесе каминнен құбырға өте қатты қызады. Олардың артынан мұржаның қабырғалары да қызады. Тиісті қорғаныссыз олар жылуды жанғыш құрылыс құрылымдарына жібереді, ал олар өз кезегінде қызып кетуі мүмкін және өрт басталады. Сондықтан мұржаны сенімді отқа төзімді корпусқа тігу керек. Түтін мұржасын еденге ыстыққа төзімді оқшаулау әсіресе маңызды, яғни, құбыр құрылыс құрылымдары арқылы өтетін жерде.

Ол мұржаның өзін қорғайды. Құбырдың іші өте ыстық, ал сырты суық (тіпті үй ішінде, бірақ әсіресе оқшауланбаған шатыр мен шатырда). температураның қатты айырмашылығына байланысты мұржаның ішкі қабырғаларында конденсация пайда болуы мүмкін, ол жану өнімдерімен араласып, күйдіргіш күйге айналады. Ол құбырдың қабырғаларын бұзады. Бұған жол бермеу үшін конденсаттың түсуіне жол бермеу керек, яғни, температура айырмашылығын тегістеу керек. Ол үшін шатырдағы және бүкіл ұзындықтағы түтін мұржасының оқшаулауы қолданылады.

Түтін мұржасын оқшаулауға арналған материалдардың басты сапасы-жоғары температураға төзімді және өте төмен жылу өткізгіш материалдарынан болуы керек.

Ұлытау ауданы ТЖБ.



Хабарландыру

«Самға» ЖШС Ұлытау облысы Ұлытау ауданындағы «Тассай» көн орнындағы шөгінді жыныстарды (доломит мергелдерін) өндіру салдарын жою жоспарының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылаулар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жобалық құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында орналастырылған.

Жария талқылаулар 24.10.2025 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде бірыңғай экологиялық портал сайтында өтеді.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Самға» ЖШС, БСН: 070440005824. Заңды мекенжайы: Ұлытау облысы, Сатпаев қаласы, Наурыз көшесі, 148-үй, e-mail: samga707@gmail.com, байланыс телефоны: +7 701 088 2808. Директоры Байділдә А.Б.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Сарыарқа ЗемГеоПроект» ЖШС, БСН: 140640013249, мекенжайы: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25, 404/1-офис, «Өркен» іскерлік орталығы, тел.: 8-7172-72-50-45, +7 701 446-66-24.

Жоспарланған іс-шаралар туралы ақпарат алуға және құжаттардың көшірмесімен танысуға болатын байланыс телефондары: e-mail: ksk_13@inbox.ru, тел.: 8 (701) 446-66-24.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстарын «Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Жезқазған қаласы, Желтоқсан көшесі, 25, e-mail: ulytau.obl_prigoda@mail.ru мекенжайы бойынша қабылдайды. Байланыс телефондары: 87777581115.

Объявление

ОО «Самға» проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений по Разделу «Охрана окружающей среды» к Плану ликвидации последствий добычи осадочных пород (доломитовые мергели) на месторождении «Тассай» в Улытауском районе области Улытау.

Документация по проекту размещена на портале <https://ndbecology.gov.kz/>.

Публичные обсуждения состоятся с 24.10.2025 года, в течение 10 рабочих дней на сайте Единый Экологический портал.

Инициатор намечаемой деятельности: ОО «Самға», БИН: 070440005824. Юридический адрес: область Улытау, г.Сатпаев, ул.Наурыз, дом 148, e-mail: samga707@gmail.com, тел: +7 701 088 2808. Директор Байділдә А.Б.

Разработчик проектной документации: ОО «Сарыарқа ЗемГеоПроект», БИН: 140640013249, адрес: г.Астана, ул.Бейбитшилик, 25, офис 404/1, Деловой центр «Өркен», тел.: 8-7172-72-50-45, +7 701 446-66-24.

Контакты, по которым можно получить информацию о намечаемой деятельности, и ознакомиться с копией документов: e-mail: ksk_13@inbox.ru, тел.: 8 (701) 446-66-24.

Замечания и предложения заинтересованной общественности принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Улытау» по адресу: г.Жезказған, ул.Желтоқсан 25, e-mail: ulytau.obl_prigoda@mail.ru. Контакты: 87777581115.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Құрметті Қуаныш құда – Алтынсары құдағи!

Сіздерді отбасылық өмірдің ең биік белесі – шаңырақ көтергендеріңізге 50 жыл толған мерейлі «Алтын тойларыңызбен» шын жүректен құттықтаймыз!

Өмір жолдарыңыз – өнегеге толы ғұмыр. Ұлт ұясы – Ұлытаудың ұл-қызы ретінде сіздер туған жердің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосып, ел тарихында өз қолтаңбаларыңызды қалдырдыңыздар. Еңбектеріңізбен де, адамдық парасаттарыңызбен де ұрпаққа үлгі болдыңыздар.

Жарты ғасыр бойы сыйластық пен татулықтың туын биік ұстап, саналы ұрпақ тәрбиелеп өсірдіңіздер. Бүгінде балаларыңыздың ел игілігі үшін әр салада жемісті еңбек етіп, биіктерден көрінуі – сіздердің мейірім мен парасатқа толы тәрбиелеріңіздің жемісі.

Ақ жаулықты әже, ақ сақалды ата атанып, немере-шөбере сүйіп отырған бүгінгі бақытты шақтарыңыз баянды болсын! Алдағы күндеріңіз шаттық пен қуанышқа, береке мен мерейге толы болып, ұрпақтарыңыздың амандығын көріп, немере-шөберелеріңіздің қызығына кенеле беріңіздер!

Шаңырақтарыңыздың іргесі берік, босағаларыңыздың бақ-берекесі мол болсын!

Ізгі тілекпен, **Елтынды – Күлзипа.**

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Құрметті құдамыз **Бақберген АЯШҰЛЫ** мен құдағиымыз **Биғайша НАРИМАНҚЫЗЫН** 70 жасқа толған мерейтойларымен құттықтаймыз!

Биік парасатымен, өнегелі өмірімен көпке үлгі бола білген құда мен құдағиымызға ұзақ та мағыналы ғұмыр тілей отырып, балаларыңыз бен немерелеріңіздің қызық-қуанышына бөлене беріңіздер, демекпіз!

Әрдайым жүздеріңіз жарқын, мерейлеріңіз үстем болып, еңбектеріңіз жемісті, табыстарыңыз келісті болсын!

Адамгершілік, азаматтық іс-әрекеттеріңізбен жұртшылыққа қадірлі болған сіздерді бізде құрмет тұтамыз. Сіздерге осындай мерейлі күні шын көңілмен мықты денсаулық, қажымас қайрат, бақыт тілейміз.

Арайлы таң жерге нұрын таратқан
Тыныш болсын таңдарыңыз әр атқан.
Бастарыңызға бақ пен ырыс үйіліп,
Жақсылығын жаудырсын тек Жаратқан.

Адамзат ұрпағымен көгереді
Көріңіздер немереден шөберені.
Тәңірім нұрын құйып шаңыраққа,
Ұрпағың өсіп-өніс өнегелі

Игі тілекпен құттықтаушылар: **Жұмабаевтар отбасы.**



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

Еліне сыйлы азамат

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жұмысшы мамандардың беделін көтеру мақсатында биылғы жылды жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялады. Осы ретте, еңбекқор жұмысшылардың еңбегін бағалау күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе. Ал, «еңбекқор» деген атақ кез-келген адамға жайдан- жай теліне салмайды. Оның еліне, жеріне сіңірген еңбегіне қарап, көпшілік «еңбекқор» деп атайды. Сондай азаматтың бірі - №14 Алғабас орта мектебінің бесаспап жұмыскері Назымбек Бимолдин.

Қайрат ЖҰМАБАЙ

Ол халықтың қамын ойлап, жоғын жоқтап жүрген қайырымды азамат. Оны өмір шыңдады, еңбек есейтті. Адал еңбегімен ел алғысына бөленуі де сондықтан Назымбектің өмірі-өнегеге толы. Ғұмыр соқпағында талай қиын –қыстау күндерді басынан өткерсе де еңбекқорлығының арқасында ешқашан мойымалды. Алға ұмтылды.

Назымбек Ескермесұлы 1964 жылы Алғабас ауылының Ақсай қыстағында туған. Ол өз өмірін елдің гүлденуіне, халықтың әл-ауқатын арттыруға арнады. Осылайша, Назымбектің тамырындағы қайсарлық пен өміріндегі ептілік бір арнада тоғысып жатты. Мектеп бітірісімен «Балауса» жастар бригадасының құрамында болып, қатарластарымен бірге қой бақты. Бұл – 1981 жылы болатын. 1982-1984 жылдары Тоцк қаласында Отан алдындағы борышын ойдағыдай аяқтап келіп, кеңшар жұмысына қайта араласты. Сол кездің өзінде ауылдың қам-қарекет ісіне білек сыбана кірісті. Алғашқыда кеңшарда механизатор болды. Кейінен 1986-1989 жылдары Талғар техникумында оқып, электрик мамандығы бойынша диплом алды. Тоқсаныншы жылдардың басында Балқаш ауданының Бақанас кеңшарында электрик болып, еңбек етті. Бертін келе туған жері- Алғабас ауылына қайта оралып, бас энергетик қызметін атқарды. 1994 жылдан бастап, осы күнге дейін жоғарыда аталған білім ордасында күзетші, әрі от жағушы жұмыстарын қоса атқарып жүр.

Кешегі Кеңес дәуірінде де Назымбек бейнеттің бел ортасында болды. Кеңшарда механизатор болып, шөпте шапты. Әкесіне көмектесіп, малда бақты. Қысқасы, ауылдың барлық жұмысына етене араласты. Ауыл жұмысының ауыртпалығын біркісідей көтерді. Кейде сол

күндерді еске алса, бейнебір кино таспасындай көз алдынан тізбектеліп өтіп жатады. Қалай айтсақ та, ол- еңбекқор жан. Қай салада еңбек етсе де, тиянақтылығымен көзге түсіп ел құрметіне бөленіп жүрді. Бұл-оның еңбекқорлығының арқасы. Жасынан еңбекке ерте араласқанының нәтижесі. Ол туралы ауыл азаматтарының «жақсы» пікірлері де жетерлік. Бәрі бірауыздан Назымбекті «еңбекқор» деп айтады. Оның еңбекке бейімділігі отбасынан бастау алған. Әкесі Ескермес ұзақ жылдар бойы аға шопан болып, балаларына еңбек етудің қыр-сырын үйретті. Балаларын жастайынан еңбекке баулыды. Қазір Назымбекте ұлдарын осы жолмен тәрбиелеуде.

Назымбектің зайыбы-Гүлмира Сәбитқызы да №14 жалпы білім беретін Алғабас мектебінде 1997 жылдан бері қызметте. Екеуі де еңбек игілігімен ел құрметіне бөленген жандар. Ауылдастары Назымбекті «Назекке» деп ерекше құрмет тұтады. Бұл кісі көп сөзге жоқ, сөзден гөрі іске бейім тұратын еңбек адамы. Қызу еңбек пен отбасының береке- бірлігін сақтап келе жатқан қарапайым азамат.

Қазір Назымбек пен Гүлмира екеуі Алланың берген үш ұлынан екі немере сүйіп, ардақты ата мен аяулы әже атанып отыр. Міне, осындай ел ішіндегі еңбекқор жандар- жұмысшы мамандықтар жылы аясында еңбегі еленіп, марапатқа ие болып жатса, ол да артық емес. Еңбектің бағаланғаны, талай жылғы маңдай терінің өтеуі. Сондықтан, біз осы мақалада жұмысшы еңбегін жария етіп отырғанымыз сол. Қарап отырсақ, кейіпкеріміз Назымбек Бимолдин еңбегімен елге сыйлы жан. Өмірі мен еңбек жолы өзгелерге өнеге боларлықтай адам. Абырой мен құрметін адал еңбектен тауып жүрген азаматтың өнегесі өскелең ұрпаққа үлгі болмақ.

Білім ошақтарында

Шеңбер ауылында ұлағатты ұстаз, дүйім елге «Дәри-дай» атымен танылған талантты ақын Мұхамбетқали Сейтқазиновтың құрметіне арналған «Мұқаш ағаның ақын шәкірттері» атты әдеби байқау жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Бұл байқау биыл екінші мәрте өткізіліп отыр. Дәстүрлі шараның басты мақсаты – қазақ айтыс өнерінің дүлдүлі, сөз зергері Мұқаш ағамыздың шығармашылық мұрасын дәріптеу, жас ұрпақ бойында поэзияға деген сүйіспеншілікті арттыру, ақындық өнерге баулу.

«Дәри-дай» ақынды дәріптеген дәстүрлі әдеби байқау өтті



Шараның шымылдығы әсем әнмен ашылып, көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Бұдан соң ақынның өмір жолы мен шығармашылық өрісін танытатын бейнеролик көрсетілді. Кеш барысында қатысушы мектептердің жетекшілеріне Мұқаш Сейтқазиновтың өлеңдері топтастырылған интерактивті кітап естелік ретінде табыс етілді. Бұл жинақ ұстаз-ағаның шығармашылық мұрасын ұрпақ жанында жаңғыртатын рухани сый болды.

Байқауға «Ұлар» әдеби клубының мүшелері — Медет Қарахметов, Жанат Әбдіғожин және Мұқағали Сейтқазы төрелік етті. Ал, кештің тізгінін Қанат Мусин ұстады.

Сайыс екі бағытта өтті. Бірінші кезек — «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» деп аталды. Мұнда қатысушылар ақын өлеңдерін жатқа, мәнерлеп оқыды. Екінші бөлім — «Мұқаш ағаның ақын шәкірттері» деп аталып, жас жазба ақындар өзара сайысты. Мұнда үміткерлер өз туындыларын оқумен қатар, қазылар алқасы ұсынған екі жолды өз ұйқастарымен жалғастырып, суырып салмалық қабілеттерін де байқатты.

Көркемсөз оқу бағыты бойынша №2 Қорғасын орта мектебінің оқушысы Дильназ Төлеу I орын жеңіп алды. Ал, II орынды №3 Аманкелді

орта мектебінің оқушысы Айзере Хасен мен Жезді кентіндегі №6 тірек мектебінің оқушысы Інжу Абзалбек өзара бөлісті. Бұл бөлімнің III орыны №14 Алғабас орта мектебінің оқушысы Назым Нығметжан, Қарсақбай кентіндегі №15 тірек мектебінің оқушысы Халид Бекмағанбет және Ақтас кентіндегі №12 НОМ оқушысы Айару Серікке бұйырды.

Жазба ақындар сайысы бойынша Таңшолпан Дулатқызы (I орын — №2 ЖББМ), Балым Әбдіғазы (II орын — №17 ЖББМ), Тұрсынай Әбіл (II орын №9 ЖББМ), Аружан Қуаныш (III орын — Жезді мектеп-интернаты), Жанару Төлеубек (№1 тірек мектебі), Таңшолпан Алпысбай (№6 тірек мектебі) топ жарып, лайықты бағаларын алды.

Жеңімпаздарға ақшалай сыйлықтар мен дипломдар табысталды. Ал барлық қатысушыларға ұйымдастырушылардың Алғыс хаттары ұсынылды.

«Мұқаш ағаның ақын шәкірттері» байқауы — жас буынның шығармашылық әлеуетін оятып, туған жерден түлеп ұшқан дарынды ұстаз-ағаның өнегелі өмірі мен поэзиясын насихаттайтын тағылымды дәстүрге айналып келеді.

Ізбасар ОЙБАС.

Спорт

Жақында Жезқазған қаласында өткен «AUYL SPORT- 2025» аймақтық турниріне ұлт ұясы – Ұлытаудан да спортқа бейім жас өрендер қатысып, жеңіспен оралды.

Қайрат ЖҰМАБАЙ

Турнирді Ұлытау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы мен «Халық» қайырымдылық қоры» бірлесіп ұйымдастырды. Оған ауылдық елді мекендерде тұратын және тұрғылықты мекен-жайы ауылда тіркелген ауылдықтар қатысты. Турнир жұмысы-ауыл спортын дамытуға, спортқа әуес ауыл балаларын қолдауға арналды. Осы негізде ұйымдастырылған тур-

Жасөспірімдер жетістігі

нирде бұқаралық спортты дамыту арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру көзделді.

Дүбірлі додаға басқа өңірдің спортшыларымен бірге, Ұлытау, Қаракеңгір ауылдарынан да үш тармақта көрсетілген санаттар бойынша командалар мен жеке спортшылар қатысты.

Бәсекелі сында спортшылар спорттың жеті түрінен сынға түсті. Атап айтар болсақ, еркін күрес, бокс, каратэ, шахмат, волейбол, баскетбол, үстел теннисінен бақ таластырды. Жарысқа жергілікті дене шынықтыру және спорт басқармасының бапкерлері төрелік етті.

Волейболдан өткен турнирде аудандық спорт мектебінің волейбол үйірмесінің қыздары бірінші орын биігінен көрінді. Жетекшісі- Асылхан Төлеген. Баскетболдан ұлдар арасындағы жарыста спорт мектебінің жаттықтырушысы Айзат Жыңғылбаеваның шәкірттері бірінші орынды жеңіп алды. Волейболдан ер балалар арасындағы жарыста Ұлытау ауылының өрендері екінші, үшінші орынды иеленді. Жетекшісі-Баубек Байшат. Баскетболдан қыздар арасындағы бәсекеде ұлытаулық баскетболшы қыздар екінші, үшінші орыннан көрінді.

Бұлардың жетекшісі- Айзат Жыңғылбаева.

Ал, жекеден сында үстел теннисінен екінші орынды Жәния Айтжан, үшінші орынды Ақбота Жангелді еншіледі. Бұдан бөлек, Қаракеңгір ауылынан қатысқан Ерәділ Серіктің командасы баскетболдан екінші орын, волейболдан үшінші орынды қанжығалады. Ойын барысында қаракеңгірліктердің жоғары деңгейде өнер көрсеткені үшін жетекшісі-Ерәділ Серікұлына арнайы тағайындалған «Үздік жаттықтырушы» номинациясы берілді. Сонымен қатар, жеңімпаз аталған командаларға кубоктар, дипломдар, тиістілігіне сәйкес, медальдар табысталды. Турнир соңында жеке-лей және командалық ойындарда бірінші орын алған спортшылар мен командалар республикалық турнирде өнер көрсетуге жолдама алды.

Директор
Жалғасқан ҚҰРМАНСЕЙІТОВ



**«Ұлытау аудандық
«Ұлытау» газеті редакциясы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

Бас редактордың міндетін атқарушы
Қайрат ЖҰМАБАЙ

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: инд: 200006
Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы,
Ұлытау селосы,
Абай көшесі, 22-үй.
Тел: 2-13-72; 2-11-22
эл.пошта: ulytau-oniri@mail.ru

Газетте жарияланған мақала
авторларының пікірі редакцияның
көзқарасына сәйкес келе бермейді.

Газетке Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат
комитетінің Мәжіліс баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды
есепке қою туралы 04.02.2022 жылы №КЗ80VPU00045634 куәлігі берілген.

Газет «Ұлытау» редакциясының компьютер орталығында беттеліп, Қарағанды қаласындағы
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Сәтбаев көшесі, 15 үй.

Хабарландыру мен құттықтаулардың
мазмұнына редакция жауап бермейді.
Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады,
Таралымы - 1000 дана
Көлемі - 4 баспатабақ
Тапсырыс - 40